

Қазақстаным- бабадан мұра аманат!

Менің Отаным-Қазақстан! Неткен керемет, шуақты ұғым! Осы бір сөз жаныңа жүрегіңнен де жақын, ыстық. Бұл сөз әрбір дала перзентінің көкірегін кернеген мақтанышпен айтатын сөзі. Ол- өлең, ол- ән, ол- сұлулық, ол- асқақ арман, ол-шалқыған дәулет, көркейген сәулет! Елдік туымыз тігілген үлкен үйіміз, алтын шаңырағымыз да осында.

Қазақстан- кең байтақ ел. Осы сөзді естігенде көз алдымызға жазық дала, кілемдей өрнектелген көк шалғын, айдын көлде қиқулаған аққу- қаз, үйіріле жусаған отар- отар қой, құлын- тайы ойнақтаған үйір- үйір жылқы, жібектей толқыған ақ селеу, қоңыраулатқан бозторғай үні елестейді.

Қазақстанның табиғаты да әр алуан. Онда азынай соққан аңызак жел қоңыр салқын орманға барып тірелсе, құм сусыған жазық дала көгілдір көлмен шектеседі. Міне, менің анам бесігіне тербеп аялап өсірер Отаным! Осындай сұлу да көркем, ерекше табиғаты бар кең өлкеде дүниеге келгеніме қуаныштымын. Осынау Алтайдан Атырауға дейінгі созылып жатқан кең байтақ ғажайып өлкеге, қойнауы қазынаға толы құнарлы жерімізге кімдер көз тікпеді?! Олар қазақ жеріне иелік ету үшін қаншама рет шабуыл жасап, елді тыныш қоймады. Жері қандай кең болса, жүрегі де сондай дархан елімнің көрген құқайы да аз емес еді. Бірақ ер жүрек батыр бабаларымыздың арқасында еліміз өзінің кең байтақ, құт мекенінде еркін көсіліп жайланып жатыр.

Жалғанның жартысындай жасыл жазира даласын ғасырлар бойы шекарасына қамал, қорғандар салмай- ақ жалаңтөс батырлары жан пидалықпен қорғай білген ата бабаларымыз қандай қаһарман халық болған десейші!

Көз қуанышы, көңіл шуағы етіп жаратқан Жетісу мен көгілдір Көкше, Баянауыл мен Қарқаралы, Алтай мен Атырау, киелі Маңғыстау, Сарыарқа сияқты алып аймақты бауырына басып, Сыры мен Ілесін, Шуы мен Жайығын, Ертіс пен Есілін ағызған алып қазақ даласыержүрек ата -бабаларымыздың бізге аманат етіп тастаған ұлы Отаны!

Мен қазақпын! Мен үшін осы сөздің өзі үлкен қуаныш. Өз халқым қазағымды мақтан етемін. Тезірек өсіп ержетіп, Қазақстанымның өсіп- өркендеуіне өз үлесімді қоссам деймін. Тәуелсіздік тірегі- білім. Мен білімім арқылы елім үшін, халқым үшін қызмет етемін. Елбасымыздың «Қазақстанның болашағы, балалар, сіздердің қолдарыңызда» деген сенімін ақтауға тырысамын.

О! Отаным! Құлыныңмын қойныңда
Өзіңменен өмірім мен ойыным да.
Болашағың күлімдеген ертеңгі
Отан ана, мына менің мойнымда!